## 8 | ҚҰТТЫҚТАЙМЫЗ!

"Ustaz tilegi" ғылыми-әдістемелік орталығы ұйымдастырған Халықаралық Алғашқы әскери дайындық пәнінен ұстаздар арасындағы онлайн олимпиадаға Жамбыл жоғары медициналық колледжінің оқытушылары Ж.Б.Бегалиев, Ө.А.Тулесбаев қатысып, ІІІ Дәрежелі Дипломмен, оқытушы Ж.Н.Рахмаш Сертификатпен марапатталды.







Жамбыл жоғары медициналық колледжінің дене шынықтыру пәнінің оқытушысы М.Қ.Айнакулов "Құзіретті педагог" журналына "Болашақ мамандарды салауатт өмір салтын ұстануға дағдыландыру" тақырыбындағы материалы жарияланып, Сертификат берілді.




Тараз жастары ресурстық орталығы. Мемлекеттік жастар саясатын жүзеге асыруда өзіндік үлесін қосып, өмір жолын қоғамдық жолмен байланыстырған шәкірті Аружан Жекcенге саналы тәлім-тәрбие бергені үшін, колледж оқытушы Б.А.Сағындықова Алғыс хатпен марапатталды.




Жамбыл облысы әкімдігінің білім басқармасының "Техникалық және кәсіптік білім беруді дамыту орталығы" Тараз инновациялық көпсалалы колледжі. "Тәуелсіздік - туыммен тұғырлы, елтаңбаммен еңселі" атты Қазақстан Республикасы тәуелсіздігінің 30 жылдығына байланысты ұйымдастырылған қалалық жас мамандар сайысына колледж оқытушысы Р.Т.Шорманбаева белсене қатысқаны үшін Алғыс хатпен марапатталды.




Қазақстан Республикасының ТАЭКВОН-ДО ITF ашық чемпионатына топ студенті Мират Абибуллаев қатысып, командалық спарингте ІІ орынға, 62 салмақта ІІІ орынға, ие болып Дипломмен марапатталды.




Салалық қауымдастықтар мен кәсіптік білім беру ұйымдарының одағы ұйымдастырған Қазақстан Республикасы Тәуелсіздігі күніне арналған "Мен кәсіпкермін" Республикалық Гранд турнирі Жамбыл жоғары медициналық колледжінің 114 топ студенті А.Намазбаева, 115 топ студенттері А.Қуандық, М.Есіркепова белсенді қатысқаны үшін Мадақтамаға ие болды. Жетекшісі: А.К.Құдайбергенова.



Атырау облысы денсаулық сақтау басқармасы. "Атырау жоғары медициналық колледжі" ШЖҚ КМК. Атырау жоғары медициналық колледжінің 75 жылдық мерейтойына арналған "Ғылым мен білім-кәсіби жетістікке апаратын жол" атты республикалық ғылыми-практикалық конференцияға Жамбыл жоғары медициналық колледжінің 235 топ студенттері Е.В.Мысляк, Д.К.Рижалова, жетекшісі Р.Т.Нурбаева, 238 топ студенті А.Базарбай, жетекшілері Қ.Т.Андакулова, А.К.Серкебаева, 201 топ студенті А.Абдулла, жетекшілері С.А.Орынбек, Г.Қ.Септесін, 216 топ студенті А.Сабит, жетекшісі А.Қ.Құлмаханбетова қатысып, белсене қатысқаны үшін студенттер Сертификатпен, жетекшілері Алғыс хатпен марапатталды. Баяндамалары жинаққа енді.







URKER MITEC орталығы ұйымдастырған "Олимп жолы" Республикалық олимпиадасына колледждің 113 топ студенті А.А.Бөлтек жүлделі ІІ орын Дипломымен, қалған студенттер С.М.Абдурахман, Е.Б.Әлімжан,А.Қ.Аманкулова, Ш.Е.Бекназар, Н.Б.Жанабаева, Ж.К.Құттыбаева, А.Б.Қайдалы, С.М.Тілеш, А.Қ.Аманкулова белсене қатысқаны үшін Сертификатпен, жетекшісі А. Көбегенова Алғыс хатпен марапатталды.




Жамбыл жоғары медициналық колледжі

№ 05
05.02.2023 ж.






# КОЛЛЕДЖ ТЫНЫСЫ

## БҮГІНГІ НӨМЕРДЕ

### 1 | ПЕДАГОГИКАЛЫҚ, ӘДІСТЕМЕЛІК КЕҢЕС

Колледжде педагогикалық кеңес отырысы және оқу әдістеме кабинетінің ұйымдастыруымен әдістемелік кеңес отырысы өтті.

### 2 | ЖАС МАМАНДАР ОТЫРЫСЫ

«Білім беруде технологиялар мен әдіс-тәсілдерін қолдану жолдары» тақырыбында әдістемелік көмек көрсету, бағыт-бағдар беру мақсатында жас мамандар отырысы.

### 3 | ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ОҚУЛАР

Колледждің оқу-әдістемелік кабинетінің ұйымдастыруымен "Педагогикалық оқулар" өткізілді. Біліктілігін көтерген оқытушылар, колледж ұжымымен оқыған жаңалықтарымен бөлісті.

### 4 | КЕЗДЕСУ

"АМАНАТ" партиясының «Өзгерістер жолы: әр азаматқа лайықты өмір!» атты Сайлауалды бағдарламасын іске асыру жөнінде маманмен кездесу.

### 5 | ҚЫСҚЫ СПАРТАКИАДА

Колледждің оқытушылары мен қызметкерлері арасында «Қысқы спартакиада».

### 6 | АШЫҚ САБАҚ

Оқытушы Р.Т.Шорманбаева «Анатомия және патология» пәнінен ашық сабақ өткізді.

### 7 | КОЛЛЕДЖДЕ ӨТКЕН ІС-ШАРАЛАР

«Жақсылық – ізгілік өсетін күннің шуағы» тақырыбында тренинг. "Алкагольге, темекіге, есірткіге "жоқ" деп айтамыз!" тақырыбындағы дәріс.

### 8 | ДӨҢГЕЛЕК ҮСТЕЛ

«Адамгершілікке жетелейтін қоғамға қадам» тақырыбындағы дөңгелек үстел. «Мәңгілік елдің қыздары ибалы келеді» тақырыбында дөңгелек үстел

### 9 | ҚҰТТЫҚТАУ

Колледж оқытушылары мен студенттердің жеткен жетістіктері.

Тараз қаласы, Ниетқалиев көшесі №20, Жамбыл жоғары медициналық колледжі.
Басылым мүшелері: Әдістемелік кабинет, редакциялық коллегия алқасы.

## 1 | ПЕДАГОГИКАЛЫҚ, ӘДІСТЕМЕЛІК КЕҢЕС



23.01.23 ж. Колледжде әдістемелік кеңес отырысы өтті. *Күн тәртібінде:*

1. «Медициналық биология және медициналық генетика негіздері» пәндерінің оқытылуы.
Жауапты: «Мейіргер ісі» бөлімінің меңгерушісі А.Б.Айдралиева.

2. Колледждің психологиялық қызметінің жүргізілуі.
Жауапты: тәрбие жұмысының меңгерушісі Ж.Н.Айдабосынова.

3. Алғашқы әскери және технологиялық дайындық пәнінің оқытылуы мен білім сапасы.
Жауапты: «Мейіргер ісі» және «Емдеу ісі» бөлімінің меңгерушісі Ж.Б.Қалымбетова.

4. Әр түрлі сұрақтар.



27.01.2023ж. Колледжінде педагогикалық кеңес өтті.
*Күн тәртібінде:*

1. 2022-2023 оқу жылының қорытынды есебі.
Жауапты: оқу-тәрбие ісі жөніндегі директордың орынбасары Л.Т.Қуанышбекова.

2. №1, 2 Жалпы білім беру және жаратылыстану пәндерінің ЦӘК жұмысының ұйымдастырылуын тексеру. Жауапты: әдіскер А.К.Коконбаева

3. Әртүрлі сұрақтар.

## 2 | ЖАС МАМАНДАР ОТЫРЫСЫ



24.01.2023ж. Колледжде «Білім беруде технологиялар мен әдіс-тәсілдерін қолдану жолдары» тақырыбындағы "Жас мамандар" мектебінің кезекті отырысы өтті.
*Күн тәртібінде:*

1. Оқытушылардың іс тәжірибесінен «Ағылшын тілін оқытуда әдіс-тәсілдерді қолдану» бойынша тренинг сабақ. Жауапты: ағылшын тілі пәнінің оқытушысы Б.А.Қырықбаева.

2. «Заманауи технологияларды қолдану».
Жауапты: бағдарламалық қамтамасыз ету маманы А.С.Султангалиева.

3. «Анатомия пәнінен жаңа технологияларды қолдану арқылы «Smart anatomia» әдістерімен таныстыру.
Жауапты: анатомия пәнінің оқытушысы Г.Қ.Септесін.

4. Жас мамандарға On-line режимінде оқыту бойынша әдістемелік көмек көрсету, электронды журналды толтыру.Жауапты: офис регистратор маманы М.Ж.Жакипова

5. Психологиялық тренинг.
Жауапты: колледж психологы Н.Е.Мухамодиева.

## 3 | ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ОҚУЛАР



26.01.2023 ж. Колледждің оқу-әдістемелік кабинетінің ұйымдастыруымен "Педагогикалық оқулар" өткізілді. Біліктілігін көтерген оқытушылар, колледж ұжымымен оқыған жаңалықтарымен бөлісті және колледж әдіскері "ҚР Білім және ғылым министрі 2016 жылғы 27 қаңтардағы № 83" бұйрығымен таныстырды.
*Күн тәртібінде:*

1. "Педагогтерге біліктілік санаттарын беру (растау) қағидаларын бекіту туралы".
Жауапты: әдіскер А.К.Коконбаева.

2. "Техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру жүйесінің педагогі: еңбек функцияларын жетілдіру". Жауаптылар:
2.1. "Ішкі аурулар пропедевтикасы" пәнінің оқытушысы: А.Қ.Баетова.
2.2. Колледж психологы: Н.Е.Мухамодиева

3. "Оценка обучающихся образовательных программ в области здравоохранения". Жауапты:"Акушерия және гинекология" пәнінің оқытушысы Ф.Д.Тұрмысова.

## 4 | КЕЗДЕСУ



25.01.2023ж. "AMANAT" партиясының «Өзгерістер жолы: әр азаматқа лайықты өмір!» атты Сайлауалды бағдарламасын іске асыру жөніндегі Жол картасы көрсеткіштерінің орындалу барысы туралы.М.Нұрділлаұлы Тараз қаласы әкімдігінің ішкі саясат бөлімінің маманы, қалалық мәслихат депутаты сөз сөйледі. Алау БПҰ төрайымы Ж.Н.Сарыбекова



26.01.2023ж. Колледжде сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес аясында колледж оқу тәрбие ісі жөніндегі директордың орынбасары Л.Т.Қуанышбекова, колледж заңгері Т.Н.Нышанбековтың ұйымдастыруымен "Сыбайлас жемқорлықты алдын алу" тақырыбында колледж оқытушыларымен кездесу өтті. Мақсаты: Оқытушыларға сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл саласындағы заңнаманы түсіндіру жұмыстарын жүргізу.



## 5 | ҚЫСҚЫ СПАРТАКИАДА



25.01.2023 ж. №3 Жалпы білім беру және жалпы ізгілендіру пәндер ЦӘК-ның және колледждің бастауыш кәсіподақ ұйымының ұйымдастыруымен Қазақстан Республикасы Президентінің Қазақстан халқына жолдаған жолдауында көрсеткендей бұқаралық спорт пен дене шынықтырудың колжетімділігін арттыру мақсатында Жамбыл жоғары медициналық колледжінің оқытушылары мен қызметкерлері арасында «Қысқы спартакиада» өткізілді. Қысқы спартакиадаға колледждің келесі бөлімдері қатысты:

1.«Батыр көжектер» командасы – бөлім меңгерушісі Ф.Қ. Жапарқұлова; 2.«Ақ қояндар» командасы – бөлім меңгерушісі З.С.Ескебекова; 3.«Болашақ» командасы – бөлім меңгерушісі А.Б.Айдралиева; 4.«Достық» командасы – бөлім меңгерушісі Ұ.Е.Дүйсембаева; 5.«Бірлік» командасы – бөлім меңгерушісі Ж.Б.Қалымбетова; 6.«Пантера» командасы – бөлім меңгерушісі Л.Б.Саурбаева; 7.«Жалын» командасы – бөлім меңгерушісі С.Г.Бибосынова;

Спартакиада қорытындысы бойынша:
1. Бас жүлдені: "Батыр көжектер";
2. I орынды "Достық";
3. II орынды "Ақ қояндар";
4.III орынды "Жалын" командасы жеңіп алды.

Жамбыл жоғары медициналық колледжінің бастауыш кәсіподақ ұйымы ұсынған бағалы сыйлықтар, мақтау қағаздарымен және ауыспалы кубокпен марапатталды. Жарыс соңында спартакиада қатысушыларына түскі ас берілді.

## 6 | АШЫҚ САБАҚ



07.02.2023 ж. Колледже № 1 жалпы кәсіптік пәндер ЦӘК оқытушысы Р.Т.Шорманбаева «Емдеу ісі» бөлімі, 223ЕФ-9/21 топ студенттерімен "Анатомия және патология" пәнінен "Тыныс алу жүйесінің анатомиясы мен физиологиясы" тақырыбы бойынша ашық сабақ өткізді. Сабақтың мақсаты:

- тыныс алу жүйесінің маңызы, тыныс алу мүшелерінің құрылысы және қызметтерімен таныстыру;
- тыныс алудың кезеңдері мен газдардың қанмен тасымалдануы, реттелуі, ерекшеліктері туралы түсінік;
- өкпенің тіршілік сыйымдылығы, дем алу шығару механизмі туралы білімдерін жетілдіру;
- білім беру барысында оқытудың инновациялық технологияларын интерактивті анатомиялық "Пирогов" үстелін пайдалана отырып, сабақтың мақсатына жету.

## 7 | КОЛЛЕДЖЕ ӨТКЕН ІС-ШАЛАР



06.01.2023ж. Колледже «Жақсылық – ізгілік өсетін күннің шуағы» тақырыбында колледж психологы Н.Е.Мухамодиева тренинг өткізді. Мақсаты: адам бойындағы асыл қасиеттерді таныта отырып, адамгершілікке, әдептілікке, қарапайымдылыққа, инабаттылыққа, қайырымдылыққа тәрбиелеу. Бір - біріне деген сыйластық қасиеттерін арттыру, адам бойындағы асыл қасиеттерді бағалай білуге үйрету.Қатысқандар: Тәрбие ісі жөніндегі меңгеруші: Ж.Н.Айдабосынова Колледж психологы: Өскенбаева А.Н. 107 топ студенттері.



13.01.2023 ж. Колледже Наркобекет жетекшісінің ұйымдастыруымен, салауатты өмір салтын қалыптастыру бағытында Алкагольге, темекіге, есірткіге "жоқ" деп айтамыз! тақырыбында дәріс өткізілді және бейне бейнеролик көрсетілді.Жамбыл облыстық психикалық денсаулық орталығының әлеуметтік қызметкері А. А. Адикалыкова студенттерге дәріс оқыды. Дәріс барысында студенттер көкейлерінде жүрген сұрақтарына толық жауап алды. Жауапты: ЖунисоваК.К.

## 8 | ДӨҢГЕЛЕК ҮСТЕЛ



06.01.2023 ж. Тәрбие бөлімінің ұйымдастыруымен «Адамгершілікке жетелейтін қоғамға қадам» тақырыбында №1 Жалпы білім беру және жаратылыстану ғылыми пәндерінің оқытушысы А.Р.Махмұд дөңгелек үстел өткізді. Іс-шараның мақсаты: Студенттерді өз мемлекетіне жауапкершілікпен қарауға және әділдікке үйрету, патриоттық тәрбие қалыптастыру; дені сау, ұлттық сана- сезімі оянған, рухани дәрежесі биік, мәдениетті, парасатты, ар-ожданы мол, басқа да игі қасиеттер студенттердің бойында қалыптасуына ықпал жасау. Қатысқандар тәрбие бөлімінің меңгерушісі:Айдабосынова Ж.Н. жемқорлыққа қарсы күрес комиссиясының хатшысы: Қырықбаева Б.А. №1 Жалпы білім беру және жаратылыстану ғылыми пәндерінің оқытушылары, 132М-9/22 топ студенттері.



31.01.2023 ж. Колледже «Балауса» қыздар клубының ұйымдастыруымен «Мәңгілік елдің қыздары ибалы келеді» тақырыбында ЖДО мамандарының қатысуымен дөңгелек үстел өтілді. Мақсаты: қоғамдағы біз бала құндылықтарының маңызын талқылау; рухани-моральдық құндылықтарымыздың ата-анадан, туған-туыстан алатының, құндылықтардың ғасырлар бойы ұрпақтан-ұрпаққа жалғасатынын және қайнар көзі екеніне түсінік беру.